



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№10 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Ұлттық Банк айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетел валютасын теңгеге сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектерін белгіледі

2020 жылғы 20 наурыз

Алматы қаласы

Қазақстан Ұлттық Банкі қаржы нарығы қатысушыларының валюталарды сатып алу және сату бағамдары арасында негізсіз жоғары маржаны орнатуына жол бермеу бойынша шұғыл шаралар қабылдады.

2020 жылғы 19 наурызда «Айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетел валютасын теңгеге сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының №33 қаулысы қабылданды.

Қаулыда **уәкілетті банктердің және уәкілетті ұйымдардың** (банктік емес айырбастау пункттері) **айырбастау пункттері** арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетел валютасын **сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектерін:**

- 1) АҚШ доллары - 6 теңге;
- 2) еуро - 7 теңге етіп белгілеу көзделеді.

Бұл шаралар елде **төтенше жағдай режимінің** қолданылу уақытында («Қазақстан Республикасында төтенше жағдай енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285 Жарлығы) іске асады және ішкі валюта нарығына сыртқы факторлардың тұрақсыздандыратын әсерін шектеуге және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге жәрдемдесуге бағытталған.

Қаулының толық мәтінімен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында танысуға болады.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар арқылы алуға болады:

+7 (727) 2704 591 (3930)

+7 (727) 330 24 52 (1452)

+ 7 (727) 2704 596 (1596)

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz